

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігінің қызметін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 қаңтар 1993 ж. N 16

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігінің қызметін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі туралы е р е ж е / у а қ ы т ш а / б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі аппараты қызметкерлерінің саны 8 адам мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының схемасы қосымшаға сәйкес бекітіліп, ол 1992 жылғы 1 желтоқсаннан бастап енгізілсін. Сауда өкілдігінің құрылымы мен штатын бекіту хұқығы Сауда өкіліне берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілі Өкілдікті 1992 жылдың аяғына дейін және жылға арналған есеппен ұстауға жұмсалатын шығыс сметасын табыс етсін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Сауда өкілдігінің аппараты ұсатуға, қызметтік үйлер мен тұрғын жайларды жалдауға, сатып алуға, жөндеуге, жаңғыртуға немесе салуға, сондай-ақ бұл үй-жайларды пайдалануға, аумақты күтіп ұстауға, автокөлік құралдарын алуға, жиһазбен және мүкәммалмен қамтамасыз етуге қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, "Қазконтракт" корпорациясы және Сауда министрлігі 1993 жылдың бірінші жартысында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігін қажетті жабдықтармен, мүкәммалмен және техникалық құралдармен қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемстаткомы Сауда өкілдігін

оның өтінімі бойынша белгіленген тәртіппен қажетті статистикалық деректермен қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, министрліктері мен ведомстволары Сауда өкілдігінің өз функцияларын орындау үшін қажетті деректерді табыс етіп, делдалдық шарттар жасасуына жәрдемдесіп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 7 қаңтардағы
N 16 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы
Сауда өкілдігі туралы Ереже
/Уақытша/

1-бап. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі Алматы қаласында 1992 жылғы 16 қыркүйекте екі жақ қол қойған Хаттамаға сәйкес құрылған және Беларусь Республикасында Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызмет саласындағы хұқын жүзеге асыратын орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының басқа заңдарын, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы шарттарды басшылыққа алып отырады.

2-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі мынадай негізгі міндеттерді атқарады :

а) Беларусь Республикасында екі ел арасындағы сауда және басқа экономикалық ынтымақтастық түрлеріне қатысты барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін білдіреді;

б) Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту мен кеңейтуге, сыртқы сауда құрылымын жақсартуға, сауда-экономикалық қатынастардың жаңа нысандарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі;

в) бұдан әрі "Сыртқы экономикалық қызметке қазақстандық қатысушылар" деп аталатын министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік, кооперативтік және басқа қоғамдық кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, сондай-ақ жеке адамдардың сыртқы экономикалық қызмет жүргізген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін ойлауына бақылау жасайды, Беларусь Республикасында олардың қызметін үйлестіріп отырады;

г) Беларусь Республикасында экономикалық қызметке қазақстандық қатысушылардың экономикалық мүддесін қорғайды, олардың сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруына, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың тіке байланыстар орнату, бірлескен кәсіпорындар, сервистік,

инжинирингтік, сауда және жарнама фирмаларын құру сияқты жаңа бағыттары мен нысандарын дамытуына, аралас /акционерлік/ қоғамдарға қатысуына және өндірістік кооперацияны жүзеге асыруына барынша жәрдемдеседі;

д) Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасында экономикалық байланыстар, оның ішінде сауда, өнеркәсіп, экономикалық және техникалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде жасасылған екі жақты шарттардың орындалуын бақылап отырады, осындай шарттар жасасу жөніндегі ұсыныстар мен келіссөздер ө з і р л е у г е қ а т ы с а д ы .

3-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі өзіне жүктелген міндеттерге с ә й к е с :

а) Беларусь Республикасында Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыру, сыртқы экономикалық қызметтің барлық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесіне сәйкес неғұрлым қолайлы жағдай ж а с а у ж ө н і н д е ж ұ м ы с жү р г і з е д і ;

б) жалпы экономикалық жағдайды, экономикалық дамудың жоспарлары мен бағдарламаларын, өкілдік бар мемлекеттің валюта-қаржы жағдайын, оның сыртқы экономикалық байланыстарының дамуын, сыртқы экономикалық қызмет саласындағы заңды, экономикалық нормативтерді, тауар мен түрлі қызмет нарқының өзгеруін, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстардың басқа да ерекшеліктерін зерделейді, бұл мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарын х а б а р д а р е т і п о т ы р а д ы ;

в) Беларусь Республикасының мекемелері мен ұйымдарын Қазақстан Республикасындағы экономикалық, әлеуметтік-экологиялық және коммерциялық жағдай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызмет саласындағы заңдары жайында хабардар етіп отырады;

г) министрліктер мен ведомстволардан сыртқы-экономикалық қызметке қазақстандық қатысушылардан олардың сыртқы экономикалық қызмет мәселелері б о й ы н ш а қ а ж е т т і а қ п а р а т а л а д ы ;

д) сыртқы экономикалық қызметке қазақстандық қатысушыларға сыртқы экономикалық ынтымақтастықтың жаңа нысандарын қалыптастыруға және дамытуға, Беларусь Республикасында келіссөздер жүргізуге, сыртқы сауда келісімін жасауға және орындауға қ а ж е т т і ж ә р д е м к ө р с е т е д і ;

е) сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссиялар мен топтардың, халықаралық экономикалық ұйымдардың және олардың жұмыс органдарының сыртқы экономикалық ынтымақтастыққа б а й л а н ы с т ы ж ұ м ы с т а р ы н а қ а т ы с а д ы ;

ж) Беларусь Республикасында қолданылып жүрген сертификаттау жүйесін, халықаралық ұйымдардың стандарттарын қолдануды, сапа проблемаларын басқаруды, сондай-ақ қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасын және бәсекеге

икемділігін зерделейді, Қазақстан Республикасының мүдделі органдарына осы мәселелер бойынша ақпарат береді, сондай-ақ экспорттық ұйымның техникалық деңгейі мен бәсекеге икемділігін арттыру мақсатында ұсыныстар енгізеді;

з) өзара тиімді ұлттық сауда-өнеркәсіп көрмелерін өткізуге, сыртқы экономикалық және өзге шаруашылық ұйымдарының Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасындағы көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысуына жәрдемдеседі, олардың жұмыстарын үйлестіреді.

4-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі өзінің атынан және Қазақстан Республикасының атынан оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажет келісімдер және өзге заң актілерін жасай алады, талап етуші және талап етушінің өкілі ретінде сотта сөз сөйлейді. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі жауап беруші ретінде Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі Беларусь Республикасында жасаған келісімдер мен өзге заң актілерінен туындайтын даулар бойынша ғана сотта сөз сөйлей алады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің міндеттемелері бойынша 4 баптың ережелерін ескере отырып Қазақстан Республикасы жауап береді.

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі қазақстандық сыртқы экономикалық және өзге шаруашылық ұйымдарының міндеттемелеріне, ал қазақстандық сыртқы экономикалық және өзге шаруашылық ұйымдары Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің міндеттемелеріне жауап бермейді.

6-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне бағынады, оның құрылымын айқындайды және жасақтауға қатысады.

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілі және оның орынбасары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген көлемде дипломатиялық артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады. Медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайы жөнінен Сауда өкілі Қазақстан Республикасының министріне теңгеріледі.

7-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Қазақстан Республикасының Сауда өкілі басқарады. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі Қазақстан Республикасының бюджетінен қаржыландырылады.

8-бап. Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің әкімшілік-техникалық қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және босату Сауда өкілдігі бойынша бұйрықпен жүргізіледі.

Қызметкерлер арасындағы қызметтік міндеттерді бөлуді Сауда өкілі жүргізеді, ол Сауда өкілдігі аппаратының қызметіне тікелей жауап береді.

9-бап. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі Заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы,

қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы бейнеленген мөрге ие.
Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚРКМ-нің 28.02.1994 ж. N 227
қ а у л ы с ы м е н .

10-бап. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда өкілдігі
өзінің қызметіне байланысты қажетті қаржы операцияларын жүзеге асыру үшін
Беларусь Республикасының Ұлттық банк бөлімшелерінде ағымдық және есептік шотқа,
Сыртэкономбанкінде валюталық шотқа ие.

11-бап. Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Сауда
өкілдігінің тұрғылықты жері - Минск қаласы.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 7 қаңтардағы
N 16 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы
Сауда өкілдігінің аппараты қызметкерлері лауазымдық
ж а л а қ ы с ы н ы ң к е с т е с і
(К е с т е)